

**Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік ережелерін, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттардың тізбесін сақтау мерзімдерін көрсете отырып бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2009 жылғы 25 қыркүйектегі N 128 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5834 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 25 шілдедегі N 114 Бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2012.07.25 N 114 бұйрығымен (бұйрықтың мемлекеттік тілдегі мәтіні берілмеген)**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік ережелері;

2) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттардың тізбесін сақтау мерзімдерін көрсете отырып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат және мұрағат комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың Тұрпатты ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 33 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік

тізіліміне N 2331 болып тіркелген) бұйрығының;

2) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың Тұрпатты ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 33 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің м.а. 2005 жылғы 11 қазандағы N 266 ҚБП (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне N 3903 болып тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің міндетін атқарушы Ж. Құрманғалиева*

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2009 жылғы 25 қыркүйектегі  
N 128 бұйрығымен бекітілді

## **Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың Үлгілік ережелері**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік ережесі (бұдан әрі – Үлгілік ережелер) "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Үлгілік ережелер басқарушылық қызметтегі құжаттау мен қағаздағы құпия емес құжаттармен жұмысты ұйымдастыруды, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда (бұдан әрі – ұйымдар) құжаттамалық қамтамасыз етуді басқару қызметінің жұмыс істеуінің жалпы талаптарын белгілейді және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттамаларға таратылады.

3. Басқарушылық қызметте қолданылатын құжаттардың құрамы ұйымның құзыреті мен функцияларына, мәселерді шешу тәртібіне (жекеше басқару тәртібімен немесе алқалық тәртіппен), басқа ұйымдармен байланыс жасаудың

көлемі мен сипатына қарай анықталады.

4. Ұйымдар осы Үлгілік ережелерді қолданады немесе олардың негізінде:

1) құжаттаудың және құжаттаманы басқарудың ведомстволық (салалық) ережесін әзірлейді және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісе отырып бекітеді.

2) мемлекеттік ұйымдардағы құжаттаудың ережелері мен басқарушылық құжаттарды, сонымен қатар, ұйымдардағы мемлекет меншігіне жататын акциялардың бақылау пакеттерін әзірлейді және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар), мұрағат ісі және құжаттама саласындағы жергілікті атқарушы органдарымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатымен, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаттарымен, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатымен келісе отырып бекітіледі.

5. Бірыңғай техникалық саясат негізінде басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру, жүргізу мен жетілдіруді, құжаттармен жұмыс істеуде заманауи техникалық құралдарды қолдануды, ұйымдағы құжаттармен жұмыс істеудің бекітілген тәртіптің орындалуына әдістемелік басшылық жасау мен бақылау жүргізуді ұйым басшысымен бекітілген (1-қосымша) ұйымның құжаттамалық қызметі туралы Үлгілік ережесіне сәйкес жұмыс істейтін басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етудің функциялары жүктелген құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

Ұйымның штаттық кестесінде басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етудің функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше қарастырылмаған жағдайда, аталмыш функция жауапты лауазымды тұлғаға жүктеледі.

6. Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз (бұдан әрі - БҚҚ қызметі) етудің функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе жауапты лауазымды тұлға ауысқан кезде құжаттар мен істер және олардың есептік тіркеу формалары жаңадан тағайындалған басшыға немесе жауапты лауазымды тұлғаға қабылдау-өткізу актісімен тапсырылады.

7. Мұрағат ісі және құжаттама саласындағы уәкілетті орган, облыстардың жергілікті атқарушы органдары (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар), Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағаты, Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, облыстардың, қалалардың, аудандар мен олардың филиалдарының мемлекеттік мұрағаттары (бұдан әрі – мемлекеттік мұрағаттық мекемелер) ұйымдарға Үлгілік ережелерді енгізу жөнінде әдістемелік көмек көрсетеді және Қазақстан Республикасы Заңнамасымен қарастырылған жағдайда олардың талаптарының орындалуын бақылайды.

8. Осы Үлгілік ережелер мемлекеттік құпия мәліметтер бар қызметтік ақпараттармен жұмыс істеу тәртібіне таралмайды.

## 2-тарау. Құжаттау

### § 1. Құжаттарды дайындау мен рәсімдеу ережелері

9. Мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді әзірлеу Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Еңбек кодексіне, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңнамасына, "Әкімшілік рәсімдеулер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Құжаттар мемлекеттік тілде дайындалады, қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі де қолданылады. "Қазақстан Республикасы тілдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен қарастырылған жағдайда басқа тілдер де қолданылады.

Мемлекеттік тілдегі және онымен бір мезгілде жасалған өзге тілдегі тең түпнұсқа құжаттардың әрқайсысы жеке бланкілерде (жеке парақтарда) басылады және бірыңғай деректемелермен ресімделеді.

11. Қағаздағы құжатты әзірлеу мен ресімдеу кезінде белгіленген бірізділікпен орналасқан деректемелер құжаттар деректемелерінің орналасу сұлбасына сәйкес қолданылады (2-қосымша).

12. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері құжаттарды таза парақтарда дайындай алады. Құжаттарды таза парақтарға дайындау кезінде көрсетілуі қажет деректемелер:

- 1) құжатты шығарған ұйымның ресми атауы;
- 2) құжат түрінің атауы;
- 3) құжаттың уақыты;
- 4) құжаттың тіркеу нөмірі;
- 5) құжатқа қол қойған тұлға лауазымының атауы, қолы және қолының толық мәнінің жазылуы;
- 6) мөрдің бедерлемесі.

13. Құжат бланкісі А4 (210x297 мм), А5 (148x210 мм) форматтағы стандартты парақтарда дайындалады. Бланкте, бланкісіз дайындалған құжаттардың әр парағында мынадан кем болмайтын жиек болу керек:

сол жағынан	–	20	мм;
оң жағынан	–	10	мм;
жоғарғы жағынан	–	10	мм;
төменгі жағынан	–	10	мм.

14. Ұйымда мынадай құжат бланкілері қолданылады:
- 1) ұйымның хат бланкісі (3-қосымша);

2) ұйымның нақты құжат түрінің бланкісі (4-қосымша);  
3) ұйымның ортақ бланкісі (5-қосымша). Ортақ бланктер, нақты құжат түрінің бланкісін типографиялық жолмен басып шығару тиімсіз болған жағдайда қ о л д а н ы л а д ы .

15. Құжат бланкісі типографиялық тәсілмен, жедел полиграфиялық құралдарын қолдану көмегімен немесе құжатты дайындау кезінде компьютер арқылы б а с ы л ы п ш ы ғ а р ы л а а л а д ы .

16. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бар құжаттар бланкілері мемлекеттік ұйымның тапсырыс беруімен және есепке алына отырып, аталмыш қызмет түріне сәйкес лицензиясы бар, полиграфиялық кәсіпорын басып шығара а л а д ы .

17. Құжат бланкісі бағытына қарай қолданылуы қажет және ұйым басшының сәйкес рұқсатынсыз басқа ұйымдар мен тұлғаларға беріле алмайды.

18. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бланк орнына таза парақта мөр бедерін сол жақ жоғарғы жағының бұрышына қою жолымен ұйымның атауы бейнеленген м ө р т а б а н д а р д ы қ о л д а н а а л а д ы .

19. Екі немесе одан көп ұйымдармен әзірленген құжатты ресімдеу кезінде ( бірлескен бұйрық, бірлескен шешім, бірлескен хат) бланк қолданылмайды. Дәрежелері тең екі және одан да көп ұйымдар әзірлеген бірлескен құжатты ресімдеген кезде ұйымдардың ресми атаулары, ұйымның атауларының әліпбилік ретіне қ а р а й б і р д еңгейде о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Екі және одан да көп ұйымдар әзірлеген бірлескен құжатты ресімдеген кезде ресми атаулары ұйымның бағыныстылығына сәйкес кішірею жағына қарай ж а з ы л а д ы .

Бірлескен құжат міндетті түрде ұйымдардың мөрлерімен куәландырылуы тиіс .

## **§ 2. Құжат деректемелерін ресімдеу кезінде қойылатын талаптар**

20. Ұйымның құжат бланкісінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздер туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ҚР СТ 989-2008 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы. Формасы, көлемі және техникалық талаптар" стандартының белгіленген талаптарына сәйкес орналастырылады.

21. Эмблема, логотип немесе тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) бланкіге ұйымның құрылтайшылық құжаттарына сәйкес көшіріліп салынады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланкіге эмблема, логотип немесе тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) салынбайды.

22. Ұйымның ресми атауы құрылтайшылық құжаттарда ұйымдастырушылық-құқықтық формасына сілтеме жасай отырып көрсетілген атауға сәйкес болуы тиіс.

Ұйымның қысқартылған атауы тиісті нормативтік құқықтық актілерде және/немесе құрылтайшылық құжаттарда бекітілген жағдайларда ғана келтіріледі және толық атауынан төмен жақша ішінде жазылады.

Ұйым филиалының, өкілдігінің немесе құрылымдық бөлімшелерінің атаулары, олар құжаттың авторы болған жағдайда ғана көрсетіледі және ол ұйым атауынан төмен орналастырылады.

23. Ұйым туралы анықтамалық деректерде: поштаның мекен-жайы, телефондардың, телефакстердің нөмірлері, электронды поштаның мекен-жайы және ұйым қажет деп тапқан басқа да мәліметтер енеді.

24. Ұйымнан шығатын құжат түрінің атауы ұйымның құрылтайшылық құжаттарымен регламенттеледі.

25. Құжаттың уақыты оған қол қойған уақыт (басқарушылық құжаттар, хаттар, анықтамалар және басқалары) немесе құжатта белгіленген оқиға уақыты (хаттама, акт және басқалары) болып табылады. Бекітілетін құжаттар үшін (ереже, регламент және басқалары) бекіту уақыты болып табылады.

Құжат уақытын құжатқа қол қоюшы немесе бекітуші лауазымды тұлға қояды. Құжаттың жобасын дайындау кезінде айы мен жылдың орнына белгілер ғана б а с ы л а д ы .

Екі немесе одан көп ұйымдармен эзірленген құжаттың уақыты бірдей ( бі р ы ң ғ а й ) болуы қажет.

Құжаттың жылжуы мен орындалуына байланысты қызметтік белгілерге уақыт пен қол қойылуы қажет.

Құжат уақыты араб цифрімен мына ретте ресімделеді: айдың күні, айы, жылы . Күні мен айы екі жұп араб цифрімен нүкте арқылы, жылы төрт араб цифрімен р е с і м д е л е д і .

Уақытты сөздік-цифрлық тәсілмен жазу басқарушылық, қаржылық сипаттағы мәліметтер бар құжаттарда, азаматтардың құқықтар мен қызығушылықтарын анықтайтын құжаттарда, сандай-ақ нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасағанда, сонымен қатар, соңғыларын ресімдеген кезде пайдаланылады.

Мысалы: 1995 жылдың 5 сәуірі.

26. Құжаттың тіркеу нөмірі тіркеу-есепке алу нысанындағы реттік нөмірінен тұрады. Басқа деректемелер (құрылымдық бөлімшенің индексі, ұйымның істер номенклатурасы бойынша істің индексі) ұйымның ұйғарымы бойынша қойылады .

27. Кіріс құжаттың нөмірі мен уақытының сілтемесінде жауап беріліп отырған құжаттың тіркеу нөмірі мен уақыты көрсетіледі.

Жауап құжаттың мәтінін кіріс құжаттың уақыты мен нөміріне сілтеме жасаудан бастауға рұқсат етілмейді.

28. Хаттан басқа құжаттардың барлық түрлерін дайындаған кезде құжаттың жасалған немесе басып шығарылған жері көрсетіледі. Ішкі құжаттарда дайындалған немесе басып шығарылған жерін көрсетпеуге де болады.

29. Қол жеткізуді шектеу белгісі нешінші дана екені көрсетіліп бірінші парақтың жоғарғы оң жақ бұрышынан қойылады.

30. Адресат. Құжаттар ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің, лауазымды немесе заңды тұлғалардың мекен-жайларына жолданады.

Ұйымның, оның құрылымдық бөлімшелерінің, лауазымды тұлғаның мекен-жайына жолданған кезде, олардың атауы кіші әріппен, жартылай қалың шрифтпен атау септігінде, құжат жолдаған лауазымды тұлғаның атауы барыс септігінде жазылады.

Құжатты ұйым басшысына жолдаған кезде ұйым атауы құжат жолданған адресаттың лауазымының құрамына кіреді.

Құжатты жеке тұлғаның мекен-жайына жолдаған кезде пошталық мекен-жайы, тегі және есімінің бас әріптері көрсетіледі. Ұйым ішінде хат алмасу кезінде лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөнін барыс септігінде көрсетуге рұқсат етіледі.

Егер құжат біртекті ұйымдарға жолданған кезде олардың мекен-жайы жинақталып көрсетіледі.

Құжаттағы адрес төртеуден артық болмау керек. Екінші, үшінші, төртінші алушыларға "Көшірме" сөзі жазылмайды. Алушылардың саны көп болса, онда құжатты таратудың тізімі (тізілімі) жасалады.

Құжатты тұрақты емес мекен-жайға жолдаған кезде, деректемелер құрамына орындаушымен ресімделген "Адресаттың" пошталық мекен-жайы кіреді. Пошталық мекен-жайдың элементтері, "Пошталық байланыс қызметтерін көрсету ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2005 жылғы 1 шілдедегі N 210-п бұйрығымен (2005 жылғы 11 тамыздағы мемлекеттік тіркеу нөмірі 3783) бекітілген бір ізділікпен көрсетіледі.

31. Құжатты бекітудің белгісі құжаттың бірінші парағының оң жақ жоғарғы жағының бұрышына қойылады.

Құжатты нақты лауазымды тұлғамен бекіткен кезде бекіту белгісі келесі элементтерден: "Бекітемін" (кіші әріптермен, тырнақшаларды қолданусыз ресімделеді) сөзінен, лауазым атауынан, қол таңбадан, тегі мен актының бас әріптерінен және бекіту уақытынан тұрады.

Құжатты лауазымы тең екі немесе одан көп тұлғалармен бекітілген кезде бекіту белгісі ұйымның ресми атауы әліпбилік реттілікпен орналастырылады.

Құжатты қаулымен, шешіммен, бұйрықпен, хаттамамен бекітілген кезде бекіту белгісі "Бекітілді (ген)" деген сөздер арқылы жазылады, өкімдік құжаттың түрі көмектес септігінде көрсетіледі және оның уақыты мен нөмірінен тұрады.

32. Бұрыштама. Бұрыштаманың құрамына орындаушының (орындаушылардың) тегі, тапсырманың (тапсырмалардың) мазмұны, орындалу мерзімі, қойылған қолы, уақыты енеді. Тапсырма лауазымы тең екі немесе бірнеше тұлғаға берілген жағдайда, егер басқасы бұрыштамада көрсетілмесе, жауапты орындаушы тапсырмадағы бірінші көрсетілген тұлға болып табылады.

Бұрыштама құжаттың бірінші парағына, оның жоғарғы бөлігіндегі мәтіннен бос орынға қойылады. Бұрыштаманы кіріске алынған тіркеу нөмірін бұрыштамаға қатысты және құжат деректемелері туралы белгілерді (авторды, құжаттың шығыс нөмірі мен уақытын) міндетті түрде көрсете отырып жеке бланкіде (фишкіде) ресімдеуге болады.

33. Құжат мәтінінің тақырыбы, құжаттың сол жақ жиегінен бері, жартылай қалың шрифтпен, сөз тасымалысыз ресімделеді және әр жолда 35 белгіден артық белгі болмау қажет. Әділет мекемелерінде мемлекеттік тіркеуді қажет етпейтін құжаттарда, 5 жолдан асатын тақырып құжаттың ортасында ресімделеді. Тақырыптың соңынан нүкте қойылмайды.

Мәтінге қойылатын тақырып қысқа, әрі мәтіннің мазмұнын дәл беретін болуы керек. Құжат түрінің атауымен келісілуі және "не туралы?" ("кім туралы?"), "нені?", "кімді?" деген сұрақтарға жауап беру қажет.

10 жолдан аз мәтінге және А5 пішінді бланкіге жасалған құжатқа тақырып қойылмайды.

34. Құжаттың орындалуын бақылау туралы белгі "Бақылау", "Контроль" "Бақылауға алынды", "Взято на контроль" сөздерімен немесе мөртабандармен, арнайы (литерлі) "Б", "К" және құжаттың бірінші парағының сол жақ жоғарғы жиегінде тақырыптың жанында қойылады.

35. Құжат мәтіні сауалнама, диаграмма, кесте, байланыстырғыш мәтін немесе олардың қосындысы ретінде ресімделеді.

Сауалнама түрінде - белгілі бір белгілер жиынтығы бойынша анықталған бір нысан жайлы ақпаратты цифр немесе сөз арқылы баяндауда қолданылады.

Мәтінді сауалнама түрінде құрастырған кезде сипатталатын нысанның атауы зат есімде немесе екінші жақтағы етістік сөз тіркестерімен осы шақта не өткен шақтың көпше түрінде (бар, болған және басқалары) жазылады.

Сөз арқылы жазылған мінездеме белгілер атауымен келісілуі қажет.

Диаграмма түрінде - ақпаратты цифр немесе сөз арқылы баяндауда қолданылады. Диаграмма бөлінбеу және басқа бетке көшпеу керек.

Кесте түрінде – белгілеріне қарай қатар бірнеше нысандар туралы ақпаратты цифр немесе сөз арқылы баяндауда қолданылады.



Кестелердегі мәтінді бөліктерге бөлудің екі деңгейі бар: тік – бағана және көлденең – жол. Кестенің бағаны мен жолдарын зат есімнің атау септігінде жазылған тақырыбы болуы керек. Бағандар мен жолдардың тақырыпшалары тақырыппен үйлесімді болу керек.

Егер кесте екі немесе одан көп параққа басылатын болса, онда кесте бағандары нөмірленеді де келесі беттерге олардың тек нөмірлері ғана басылады.

Байланыстырғыш мәтін екі бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімде себептер, мақсаттар, құжатты дайындауға себепші болған негіздеме, екінші (қортынды)-шешімдер, қорытындылар, өтініштер мен ұсыныстардан тұрады. Кей жағдайда бірінші бөлімде өтініштер мен ұсыныстар, ал екінші бөлімде негіздемелер мен айғақтар көрсетіледі. Мәтін бір қортынды бөлімнен (мысалы, бұйрықтың – басқарушылық бөлімін айқындаусыз, хаттарда - өтінішті түсіндірусіз) тұрады.

Басқа ұйымдар құжаттары негізінде немесе бұрын шығарылған құжаттарды негізге ала отырып дайындалған құжат мәтінінде олардың деректемелері беріледі : құжаттың атауы және автор-ұйым, уақыты, тіркеу нөмірі, мәтінің тақырыбы.

Егер мәтінде бірнеше шешімдер, тұжырымдамалар, ұсыныстар мен өтініштер болса, онда оны араб цифрларымен нөмірлеп, бөлім мен тарауларға бөлуге болады .

Құжат мәтіні жазу машинкасында бір жарым жоғары интервал немесе компьютер техникасының құрылғылары көмегімен мөлшері 14 Times New Roman ғаріптерімен жоғары бір интервалда басылады. Кейбір жағдайларда ( кестені, қосымшаны, орындаушы туралы белгіні, ескертуді және басқаларын ресімдеуді) ғаріп мөлшері мен жоғары интервал басқа болуы мүмкін.

Құжатты екі немесе одан да көп парақта ресімдеу кезінде, екінші және одан кейінгі парақтар нөмірленеді, нөмірлер араб цифрларымен парақтың жоғарғы жиегі ортасынан тыныс белгісіз қойылады.

36. Құжатқа қосымшаның бар болуы туралы белгі. Атауы бар құжат мәтінінің қосымшасында парақтар саны, данасы, орындалған тілі туралы белгі болады. Атауы жоқ құжат мәтінінің қосымшасында олардың нөмірі, атауы, парақтар мен данасының саны және орындалу тілі көрсетіледі, егер қосымша кітапшаланған болса онда даналардың саны ғана көрсетіледі.

Егер құжат басқа қосымшасы бар құжаттан тұрса, онда белгіде бар қосымшаның ерекшелігі көрсетіледі, сонымен қатар, қосымшалардың жалпы парақтар саны көрсетіледі .

Егер қосымша құжатта көрсетілген мекен-жайдың барлығына жолданбаса, онда қандай мекен-жайларға жіберілу керектігін көрсету қажет.

Басқарушылық құжат қосымшасының (бұйрық, өкім, ереже, нұсқаулық, шешім) бірінші парағының оң жақ жоғарғы жағында басқарушылық құжаттың атауы, оның уақыты мен тіркеу нөмірі көрсетіліп "Қосымша" сөзі жазылады.

### 37. Құжатта қойылған қолға:

1) қол қойған тұлға лауазымының атауы, құрылымдық бөлімшенің және ұйымның ресми атауы (егер құжат бланкіде рәсімделмеген болса);

2) жауапты тұлғаның өз қолы және қойылған қолдың толық мәні (есімінің бас әріптері мен тегі) енеді.

Құжатқа лауазымдары тең екі және одан да көп тұлғалар қол қойған кезде, олардың қойған қолдары ұйымдардың немесе құрылымдық бөлімшелердің ресми атауларындағы әліпбилік ретпен орналасады.

Құжатқа бірнеше лауазымды тұлға қол қойған кезде олардың қойған қолдары қызметтерінің лауазымдық бағыныстылығына сәйкес бірінен кейін бірі орналастырылады. Комиссия жасаған құжатта қол қоюшы тұлғалардың лауазым атаулары емес, олардың комиссия құрамындағы міндеттері көрсетіледі.

Ұйымның алқалы органдары (алқалар, кеңестер және басқалары) құжаттарына төраға мен хатшы (төрағалық етуші және жазбаны жүргізуші тұлға) қ о л қ о я д ы .

Егер дайындалған құжаттың жобасына қол қоюшы лауазымды тұлға жоқ болған жағдайда, құжатты оның міндетін атқарушы лауазымды тұлғаның атына қайта ресімделуі қажет. Қол қойғанда "үшін" көмекші сөзін қосуға немесе лауазым атауының алдына қиғаш сызықты (бөлгішті) қолдан қоюға жол берілмейді.

Құжатқа қол қоюшы лауазымды тұлға лауазымының атауы, қолдың толық мәні кіші әріптермен және жартылай қалың шрифтпен ресімделеді.

38. Құжатты келісу туралы белгі. Құжат жобасын келісу құжатқа бұрыштама (ішкі келісу) немесе келісу белгісімен (сыртқы келісу) ресімделеді.

Қол қоюға ұсынылған құжатқа орындаушының (жауапты орындаушының) құжат жобасын дайындаған құрылым басшысының, басқа да мүдделі лауазымды тұлғалардың, қажет жағдайда – ұйымның қаржы, экономика және заң қызметі басшыларының бұрыштамалары қойылады.

Бұрыштама ұйымда қалатын құжат данасының оң жақ бетіне (жоспардың жобасына, есептерге, хаттарға және басқалары) қолдың төменгі жағына қойылады. Басқарушылық құжат жобасына бұрыштама бірінші данасына ғана қойылады. Басқарушылық құжаттың соңғы парағының теріс жағына да бұрыштама қоюға рұқсат етіледі.

Бұрыштаманың құрамына бұрыштама қоюшының қолын, уақыты, қажет жағдайда қолтаңбаның мәні (есімнің бас әріптері мен тегі) бұрыштама қоюшы тұлғаның лауазымын көрсету жолымен ресімдеу енеді. Құжат жобасына қатысты ескертулер, пікірлер, толықтырулар құжат жобасына сәйкес белгілер қою жолымен, жеке парақта ресімделеді.

Құжатты сыртқы келісу белгісі соңғы парағының сол жақ төменгі бұрышына

қойылады, "Келісілді" сөздері кіші әріптермен тырнақшаны қолданусыз ресімделеді, сонымен қатар, құжатты келісуші тұлғаның лауазымының атауы ( ұйымның атауын қоса алғанда) жеке қолы және оның толық мәні мен келісу у а қ ы т ы н а н т ұ р а д ы .

Құжат лауазымдары тең екі және одан да көп тұлғалармен келісілген кезде келісу белгілері ұйымның ресми атауларындағы әліпбилік ретпен орналастырылады. Құжат бірнеше лауазымды тұлғалармен келісілген кезде, келісу белгілері қызметтерінің лауазымдық бағыныстылығына сәйкес о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Егер келісу хатпен, хаттамамен немесе басқа құжатпен жүзеге асырылатын болса, онда келісу белгісінде құжат түрі, ұйым атауы, құжат уақыты мен нөмірі көмектес с е п т і г і н д е к ө р с е т і л е д і .

Құжатты бірнеше ұйыммен сырттан келісу - келісу парағы арқылы ресімделуі мүмкін (6-қосымша). Бұл жағдайда қолдан кейін "Келісу парағы қоса берілген" д е г е н б е л г і қ о й ы л а д ы .

39. Мөр бедері лауазымды тұлғаның құжаттағы қолының түпнұсқа екендігін куәландырады. Мөр бедері лауазым атауы мен қойылған қол бөлігін қамтитын б о л у ы к е р е к .

40. Құжаттың көшірмесін куәландыру туралы белгі. Құжаттың түпнұсқамен сәйкестігін куәландыру үшін "Қол" деген деректеменің төменгі жағына " Көшірмесі дұрыс" (тырнақшаларсыз) деген куәландыру жазбасын, көшірмені куәландырған тұлғаның лауазым атауын, оның өз қолын және қойылған қолдың толық мәнін, ұйымның мөрін, куәландырылған уақытын қамтиды.

41. Құжатты орындаушы туралы белгі "Орынд." деген қысқартылған сөзді, құжатты орындаушының фамилиясын, аты-жөнін (өз есімінің және әкесі есімінің бас әріптерін), оның телефон нөмірін қамтиды және бұл құжаттың соңғы парағына, оның өң бетіне немесе қайырма бетіне сол жақ төменгі бұрышынан ж а з ы л а д ы .

42. Құжаттың орындалғаны және іске жіберілгені туралы белгі оның орындалғандығын растайтын құжаттың тіркеу нөмірі мен уақытына сілтемені ( мұндай құжат болмаған жағдайда - орындалуы жөнінде қысқаша мағлұматты), " Іске" сөзін, құжат сақталатын істің нөмірін қамтиды.

Құжаттың орындалғаны және іске жіберілгені туралы белгіге қол қойылады және ол құжаттың бірінші парағына, оның өң бетіндегі сол жақ төменгі бұрышынан немесе оның қайырма бетінен қойылады.

43. Файлдың атын, оператордың кодын, уақытын және құжаттың әрбір парағына сол жақ төменгі бұрышынан қойылатын басқа да іздестіру деректерін қамтитын белгі (колонтитул) құжаттың электрондық көшірмелеріне идентификатор (сәйкестендіргіш) болып табылады.

44. Құжаттың ұйымға келіп түскені туралы белгі кіріс құжаттың нөмірін камтиды және құжаттың бірінші парағына оның оң бетінің оң жақ төменгі бұрышына қойылады.

### **§ 3. Бұйрық пен өкімді дайындау мен ресімдеудің ерекшеліктері**

45. Бұйрықтар мен өкімдер құқықтық сипаттағы шешімдер, сонымен қатар, жедел, ұйымдастыру, кадр және ұйым жұмысына қатысты басқа да мәселелер бойынша ресімделеді (7-8-қосымша).

Бұйрықтардың (өкімдердің) жобалары ұйым басшысының, оның орынбасарының немесе бастамалық тәртіп негізінде әзірленеді және құрылымдарға енгізіледі. Кадр мәселесіне қатысты бұйрықтардың жобасы кадр қызметіне сәйкес құжаттардың (жеке еңбек шарттар, баяндау (қызметтік) жазбалар, ұсыным және басқалары) негізінде дайындалады.

Бұйрықтардың (өкімдердің) жобалары және олардың қосымшаларына жобаны енгізген орындаушының және құрылым басшысының, жобада тапсырмалар мен міндеттер қарастырылған құрылымдардың басшыларының, сонымен қатар, БҚҚ басшысы мен заң қызметінің басшыларының, міндерінің тағайындалуына байланысты ұйым басшысының орынбасарының бұрыштамасы қ о й ы л а д ы .

Бұйрықтардың (өкімдердің) жобаларын келісу кезінде туындаған келіспеушіліктер, жобаға қоса берілетін анықтама түрінде баяндалады. Егер келісу кезінде бұйрық жобасына түбегейлі сипаттағы өзгерістер енгізілсе, онда ол пысықталып қайта келісуден өтеді.

Бұйрықтар күнтізбелік жыл шегіндегі реттік нөмірмен нөмірленеді. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар және өкімдер бөлек нөмірленіп, өздеріне тиісті журналдарда тіркеледі.

Бұйрықтардың (өкімдердің) көшірмелері немесе олардың көбейтілген даналары мөртабанмен куәландырылады және орындаушы құрастырған және қол қойған жіберілу тізіміне сәйкес мекен-жайларға жолданады.

Бұйрықтың мәтіні екі бөлімнен тұрады: айқындаушылық (кіріспе) және ө к і м д і к .

Айқындаушылық бөлімде бұйрықты дайындауға негіз болған мақсаттар мен міндеттер, фактілер мен оқиғалар баяндалады. Егер бұйрық басқа құжаттардың негізінде дайындалса, онда айқындаушылық бөлімде аталмыш құжаттың атауы ілік септігінде, оның авторы, уақыты, нөмірі мен тақырыбы көрсетіледі. Әділет органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасаған кезде, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде тіркелген нөмірі қ о с ы м ш а к ө р с е т і л е д і .

Бұйрық жобасындағы кіріспе **"БҰЙЫРАМЫН"** сөзімен аяқталады.

Өкімдік бөлімде берілген тапсырмаларды тізбелеу әр іс-қимылдың орындаушысы мен орындалу мерзімін қамтуы қажет. Өкімдік бөлім тармақтар мен тармақшаларға, абзацқа бөліне алады. Тармақтар мен тармақшалар араб цифрмен нөмірленеді. Абзацтың алдында сызықша немесе басқа белгілер қ о й ы л м а й д ы .

Бір сипаттағы іс-қимылдар бір тармақшада тізбелене алады. Орындаушылар ретінде құрылымдық бөлімшелер немесе нақты лауазымды тұлға көрсетіле алады . Өкімдік бөлімнің соңғы тармағында бұйрықтың орындалуын бақылау жүктелген құрылым немесе лауазымды тұлға туралы мәліметтер болуы мүмкін.

"Құжатқа қосымшаның бар болуы туралы" деректеме бұйрық мәтінінен кейін дербес ресімделмейді.

#### **§ 4. Ережені, нұсқаулықты дайындау мен ресімдеудің ерекшеліктері**

46. Ереже (тәртіп, нұсқаулық, жарғы) жоғары тұрған орган немесе ұйым басшысымен бекіту белгісін ресімдеу немесе оларды бекіту туралы өкімдік құжаттарды шығару арқылы бекітіледі. Өкімдік құжаттарда ережені ( нұсқаулықты) енгізу уақыты белгіленеді және оны енгізуге қажет іс-қимылдар т і з б е л е н е д і .

Ереженің (тәртіптің, нұсқаулықтың, жарғының) жобасы ұйымның ортақ бланкісінде басылып шығарылады. Егер ереженің (тәртіптің, нұсқаулықтың, жарғының) жобасы өкімдік құжатпен бекітілетін болса, онда ереже (тәртіп, нұсқаулық, жарғы) А4 форматтағы парақ бетінде басылып шығарылады (9-қ о с ы м ш а ) .

Ереже (нұсқаулық) мәтінінің тақырыбы "Не туралы?" деген сұраққа жауап беруі қажет; лауазымды талаптар мен жұмысты жүргізудің тәртібі жазылған ( лауазымдық нұсқаулық) нұсқаулықтың тәртібі "Кімді?" деген сұраққа (Бас маманның лауазымдық нұсқаулығы) жауап беруі қажет.

Мәтін жекеше немесе көпше түрдің үшінші жағынан жазылады. Мәтінде: " тиіс", "қолдану", "қажет", "тыйым салынады", "рұқсат етілмейді" деген сөздер қ о л д а н ы л а д ы .

Ереже (нұсқаулық) мәтінінің айқындаушылық бөлім ретінде негізгі мақсаттар , таралу ортасы, оны бұзғаны үшін жауапкершілік көрсетілген "Жалпы ережелер" б ө л і м і қ ы з м е т а т қ а р а д ы .

Ереженің (нұсқаулықтың) негізгі мәтіні тарауға, бөлімге, бөлімшеге, параграфқа, тамаққа, тармақшаға және абзацқа бөліне алады. Тараулардың, бөлімдердің, бөлімшелердің және параграфтардың жартылай қалың шрифтпен б ө л і н г е н а т а у л а р ы б о л у ы к е р е к .

Тараулар, бөлімдер, бөлімшелер және параграфтар, тармақтар және тармақшалар араб цифрмен нөмірленеді. Тараулар, бөлімдер және параграфтар тура нөмірлермен (сквозной) нөмірленеді. Тармақшалардың нөмірлері әр тармақша өзіндік болып табылады. Әр тараудағы параграф пен әр бөлімдегі бөлімшелердің нөмірлері де өзіндік болады.

Тармақшалардың ішінде абзацпен бөлінген мәтіннің бөлімдері болады. Абзац деп мағыналық жағынан біртұтас, бірінші жолда бөлу белгілерімен бөлінген және бас әріппен жазылған бірінші абзацтан басқасы кіші әріптермен жазылатын мәтіннің бөлімі есептеледі.

Абзацтарды дефис немесе басқа бөлу белгілерімен бөлуге рұқсат етілмейді.

## **§ 5. Хаттаманы дайындау мен ресімдеудің ерекшеліктері**

47. Хаттама кеңес (отырыс) жиналыс кезінде жазылған, баяндама мен сөйлеген сөздерден ұсынған тезистер, анықтамалар, шешімдер жобасы мен басқа да материалдар негізінде хаттама бланкісінде немесе ортақ бланкте хаттама мәтінінің құрылымына сәйкес басылып шығарылады (9-қосымша).

Ұйымдарда хаттамалар толықтай немесе қысқаша түрде басып шығарылады.

Толықтай хаттаманың мәтіні әдетте екі: кіріспе және негізгі бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлімде тақырыптан кейін: отырыс (жиналыс) төрағасының (төрағалық етушінің) және хатшының тегі мен аттарының бас әріптері, қатысқандар тізімі немесе қатысушылар саны 10 адамнан аспайтын болса, қоса беріліп отырған тізімнің жіберілгендігі көрсетіледі.

Тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган отырысының хаттамасында алқалы органның қатысқан мүшелерінің тегі әліпбилік тәртіп бойынша дербес жазылады. Олардан кейін лауазымы мен ұйым атауын көрсете отырып шақырылғандардың тегі жазылады.

Кіріспе бөлім күн тәртібімен – күн тәртібінде әр тармақтағы баяндаушыны көрсете отырып маңыздылығына қарай орналастырылған, қарастырылатын мәселелердің тізімімен аяқталады. Әр мәселе араб цифрмен нөмірленеді және оның атауы сол жақ жиегінің шегіне басылып шығарылатын "Туралы" деген көмекші сөзбен басталады. Кейбір жағдайда күн тәртібі хаттамаға қоса беріле алады, бұл жағдайда хаттамада мәтіннің алдында "Күн тәртібі бар" деген жазба жазылады.

Хаттаманың негізгі бөлімі күн тәртібінің тармақтарына сәйкес келетін бөлімдерден тұрады. Әр бөлімнің мәтіні: бас әріптермен жазылатын ТЫҢДАДЫ – СӨЗ СӨЙЛЕДІ – ҚАУЛЫ ЕТІ (ШЕШТІ) деген жүйе бойынша құрастырылады.

Баяндамалар мен сөйлеген сөздердің негізгі мазмұны хаттама мәтнінде

орналастырылады немесе оған қоса беріледі; соңғы жағдайда мәтінде "Сөйлеген сөздердің мәтіні бар" деген сілтеме жасалады. Қабылданған шешімдер толық басылып шығарылады, қажет жағдайда дауыс берудің қорытындысы көрсетіледі.

Қысқаша хаттаманың мәтіні де екі бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімде күн тәртібі көрсетілмейді.

Қысқаша хаттаманың негізгі бөліміне қарастырылып отырған мәселелер және олар жөнінде қабылданған шешімдер енгізіледі. Мәселелердің атауы нөмірленеді және "Туралы" деген көмекші сөзден басталады, орта жолда басып шығарылады және соңғы жолдың төменгі жағынан бір сызықпен сызылады. Сызықтың астыңғы жағында аталмыш мәселенің талқылауына қатысқан лауазымды тұлғаның тегі, мәселеге қатысты қабылданған шешім көрсетіледі.

Хаттаманың тақырыбына алқалы қызмет түрі мен алқалы органның атауы атау септігінде көрсетіле отырып (қызметкерлердің жиналысы, кеңес отырысы және басқалары) енгізіледі.

Хаттамаға отырысқа төрағалық етуші мен хатшы қол қояды. Хаттаманың уақыты, отырыстың уақыты болып табылады.

Хаттамалардағы әр топқа күнтізбелік жыл шегінен реттік нөмір қойылады: жиналыстар, кеңестер, алқалық хаттамалар, техникалық, ғылыми және сараптамалық кеңестердің және басқаларының хаттамалары. Бірлескен отырыстардың хаттамаларында кеңеске қатысқан ұйымдар хаттамаларының реттік нөмірлерінен тұратын құрамалы нөмірлер болады.

Хаттамалардың көшірмелері немесе қабылданған шешімдер хаттамадан үзінді ретінде мүдделі ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға таратылу тізіміне сәйкес жіберіледі. Таратылу тізімдемесін қарастырылған мәселені әзірлеген құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы құрастырады және қол қояды. Хаттамалардың көшірмелері мен олардың үзінділері ұйым мөрімен куәландырылады.

## **§ 6. Акті дайындау мен ресімдеудің ерекшеліктері**

48. Акт ортақ бланк негізінде актінің үлгісіне сәйкес (10-қосымша) ресімделеді.

Акт мәтіні үш бөлімнен: кіріспе, айқындаушылық бөлімнен, тұжырымдамадан тұрады.

Кіріспеде акті құрастырудың негізі көрсетіледі, құрастырушылар және қажет жағдайда қатысқан тұлғалар тізбеленеді.

Актінің айқындаушылық бөлімі: атқарылған жұмыстың мәні мен сипатын, белгіленген фактілерді, тиісті мәліметтерді көрсету арқылы баяндалады.

Тұжырымдамада орындалу қажет іс-шаралар көрсетіледі және қортынды

жасалады. Мәтінің аяғында, қойылатын қолдардың алдында акт данасы мен олардың орналасқан жері туралы мәліметтер орналастырылады.

Актіге төраға және комиссия мүшелері қол қояды. Қолтаңбаны ресімдеу кезінде қол қоюшы тұлғалардың лауазымдары көрсетілмейді.

## **§ 7. Анықтаманы дайындау мен ресімдеудің ерекшеліктері**

49. Анықтамамен осы немесе басқа да оқиғаларды сипаттау және растау арқылы ресімделеді. Ұйымнан тыс жерлерге жолданатын анықтама ортақ бланкте анықтаманың үлгісіне сәйкес ресімделеді. Ұйым ішіндегі анықтамалар таза парақтарға ресімделе алады (11-қосымша).

Анықтама мәтіні бірнеше бөлімдерден және кестелерден, түсіндірме жазбалардан, сілтемелерден, қосымшалардан тұра алады.

Жұмыс орнын, еңбек ақысын растау туралы және басқа да мәліметтер бар азаматтарға берілетін анықтаманың мәтіні анықтаманың үлгісіне сәйкес, беріліп отырған тұлғаның аты-жөні, тегі атау септігінде көрсетіледі (13-қосымша).

Мәтінің соңында немесе оң жақ жоғарғы жағында оны беретін ұйым көрсетіледі

Мұндай анықтамалардың мәтінде: "осы анықтама", "шынында растайды (оқиды, жұмыс істейді)" деген айналымдар қолданылмайды.

## **§ 8. Хаттарды дайындау мен ресімдеудің ерекшеліктері**

50. Сұранымдар, хабарламалар, келісімдер, талаптар (бас тартулар), тапсырмалар, хабарлар, еске салулар, жауаптар, өтініштер, пікірлер, ұсыныстар, ескертулер, хабарлаулар, шақырулар, растау және басқалар (14-қосымша) хаттың м а з м ұ н ы б о л а а л а д ы .

Ұ й ы м х а т т а р ы :

- 1) жоғары тұрған органның тапсырмасының орындалуы туралы жауап р е т і н д е ;
- 2) жеке тұлғалар мен әр түрлі ұйымдардың сұраныстарына жауап ретінде;
- 3) бастамашылық хат ретінде;
- 4) әр түрлі құжаттарға ілеспе хат ретінде дайындалады.

Жауап хаттың дайындалу мерзімі сұраныстар мен тапсырмаларды орындау мерзімінің негізінде басшының бұрыштамасымен немесе бұрыштама авторының шешімімен бекітіледі. Бастамашылық хаттың орындалу мерзімдері ұйым немесе құрылымдық бөлімшенің басшысымен анықталады.

Хаттың мәтіні әдетте бір немесе екі мағыналық бөлімнен тұрады.

Бір бөлімнен тұратын хаттарға – түсіндірмесіз өтініш, кіріспесіз ескертулер, негізсіз хабарламалар және басқалары жатады.



Егер қызметтік хаттың мәтіні екі бөліктен: айқындаушыдан және қорытындыдан тұратын болса, бірінші бөлімде хатты дайындауға негіз болған құжатқа сілтеме жасалады, хатты құрастырудың негізі немесе негіздемесі, салдары баяндалады. Екінші бөлімінде абзацтан басталады, тұжырымдама, ұсыныстар, өтініштер, шешімдер және басқалары орналастырылады.

Мәтінің кері құрылымы (қортынды - айқындаушы) әдетте қабылданбаған хаттарда қолданылады.

Хаттарда баяндаудың келесі түрлері: көпше түрдің бірінші жағы ("ұсынуды сұраймыз...", "Сіздерге жолдаймыз"); жекеше түрдің бірінші жағы ("жіберуді сұраймын", "қажет деп санаймын"); жекеше түрдің үшінші жағы ("министрлік қарсы емес") қолданылады.

### **3-тарау. Құжаттаманы басқару**

#### **§ 1. Құжат айналымын ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар және оның көлемін қарастыру жолдары**

51. Ұйымда құжаттың пайда болған немесе алынған кезден бастап, оның орындалу немесе жіберілген аралықта қозғалу құжат айналымды қалыптастырады.

52. Құжат айналымын ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар құжат қозғалысының және онымен операциялардың біртұтас технологиялық сұлбасын әзірлеу, қызметкерлердің құжаттармен жұмыс функцияларын регламенттеу, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету, құжат айналымы көлемін тұрақты талдау болып табылады.

53. Құжат айналымының көлемі ай, тоқсан, жыл ішіндегі кіріс, шығыс, ішкі құжаттардың жалпы мөлшерімен анықталады.

54. Ұйым құжаттар өтуінің берік қалыптастырылған технологиясын жасауға және олардың орындалуын бақылауды ұйымдастыруға:

1) құжаттардың өту тәртібін нақты айқындау мен олардың орындалуын ұйымдастыру;

2) құжатқа қосымша сұранымдардың тууын болдырмайтындай құжаттың дер кезінде және сапалы орындалуына;

3) ішкі құжаттардың көлемін азайтуға;

4) құжаттар көшірмелерінің санын оңтайлы анықтауға мүмкіндік беретін құжат айналымы көлемін қысқарту шараларын қабылдауы тиіс.

#### **§ 2. Кіріс құжаттарының өңдеу тәртібі**

55. Ұйымға қағаздағы құжат келіп түскеннен кейін ол, бастапқы өңдеуден өткізіледі, алдын-ала қарастырылады, тіркеледі, басшымен қарастырылады және орындаушыға жіберіледі.

56. Қабылдап алу, құжатты бастапқы өңдеуден өткізу және алдын-ала қарастыру БҚҚ қызметімен орталықтандырылып жүзеге асырылады.

57. Кіріс құжаттарын бастапқы өңдеу - жеткізудің дұрыстығын және салымдардың тұтастығын тексеру, ұйымға құжаттардың келіп түсу фактісін жазу, құжаттарды бағдары бойынша тапсыруға дайындау болып табылады.

Құжаттар салынған конверттер БҚҚ қызметімен ашылады, құжаттардың нақты көрсетілген мекен-жайға жеткізілуі, бумасының бүтіндігі тексеріледі.

Егер құжат түгел болмай шықса немесе бүлінгені анықталса, оның соңғы парағына төменгі жиегінен, сондай-ақ тіркеу-есепке алу нысанына тиісті белгілер қойылады және еркін нысанда үш данада акті жасалады. Бір данасы жөнелтушіге жіберіледі, екіншісі - БҚҚ қызметінде қалады, үшіншісі - құжатты орындаушыға тапсырылады. Құжатты жөнелтушінің мекен-жайын, жөнелтілген және алынған уақытын конверттер арқылы ғана анықтауға болатын жағдайда, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттар келіп түскенде конверттер жойылмай сақталады.

"Жеке өзіне" белгісімен жолданған конверттер ашылмастан адресте көрсетілген иесіне табыс етіледі. Жаңылысып түскен хат-хабарлар пошта бөлімінде қайтарылады.

Алынған (тіркелетін және тіркелмейтін) құжаттарға келіп түскен уақыты көрсетіліп тіркеу мөртабаны қойылады.

58. Келіп түскен құжаттарды алдын ала қарастырудың басты мақсаты – ұйым басшысымен міндетті түрде қарастырылатын және қарастырылмайтындарға жіктеу болып табылады. Басшының міндетті түрде қарастыруын талап етпейтін құжаттар тікелей құрылымдық бөлімшілер мен жауапты тұлғаларға жолданады.

59. Басшымен міндетті түрде қарастыруға Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінен, Қазақстан Республикасы Парламентінен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінен, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан, жоғары тұрған органдардан, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен құжаттар жатады.

60. Құжаттарды алдын ала қарастыру, оның мазмұнын, авторын, ұйымда бекітілген міндеттердің негізінде қойылған сұрақтың қиындығы мен жаңашылдығын бағалау арқылы жүзеге асырылады.

61. Құжаттарды алдын-ала қараудың алғашқы кезеңінде оларды тіркеуге алынатын және тіркеуге алынбайтын құжаттар ретінде іріктейді. Тіркелмейтін құжаттар тізбесі ұйым басшысымен (15-қосымша) бекітіледі. Тіркелмейтін құжаттар тиісті құрылымдық бөлімшелерге жолданады.

62. Тіркеуге алынатын құжаттар есептік түрде тіркеуден келіп түскен күні

ұйым басшысының, құрылымдық бөлімшенің (лауазымды тұлғаның) қарауына беріледі.

Қажет жағдайда кідірмей орындауға жататын құжатты ұйым басшының қарастырусыз құжаттың мазмұнымен орындаушыға таныстыруға рұқсат етіледі.

63. Ұйым басшысы қараған құжаттар БҚҚ қызметіне (лауазымды тұлғаға) қайтарылады, ондағы бұрыштаманың мазмұны тіркеу-есепке алу нысанына енгізіледі және орындауға тапсырылады. Орындалуы бірнеше құрылымдық бөлімшелерге жүктелген құжат оларға кезекпен беріледі немесе бір уақытта көшірмелері тапсырылады. Түпнұсқа бұрыштамада бірінші тұрған орындаушыға беріледі.

64. Мәселелерді жедел шешу кезінде құжатқа қосымша құжаттарды ресімдеудің орнына орындау құжатқа: құжаттың келіп түскен уақыты туралы (егер құжат келіп түскен уақыт пен орындаушыға жолданған уақыт ішінде аралық пайда болса), аралық орындау уақыты туралы (мәліметтер сұрату, телефон арқылы сөйлесу және басқалары), ақырғы орындаудың уақыты мен нәтижелері туралы белгі қояды.

Барлық белгілер мәтіннен бос орында орналастырылады.

### **§ 3. Шығыс құжаттарын дайындау және өңдеу тәртібі**

65. Құжат жолдауға берілген кезде толық ресімделіп және тіркелуі қажет. Құжатты жолдауға қабылдап алған БҚҚ қызметі оның дұрыс ресімделгенін, құжатта көрсетілген қосымшалардың бар болуын тексеріп алу қажет. Дұрыс ресімделмеген құжат орындаушыға қайтарылады.

66. Қол қойылған құжаттар тіркеледі және адресатқа (адресаттарға) қол қойылған (бекітілген) күні немесе келесі жұмыс күні кешіктірілмей жіберіледі, телеграмма мен телефакстерді кідірмей жіберіледі.

67. Егер басқа ұйымға жолданған құжат қайтарылуы тиіс болса, онда құжаттың бірінші парағында мәтіннен бос жиегінің оң жақ жоғарғы жағына мөр немесе қайтарылуы тиіс белгі қойылады, бұндай белгіні тіркеу есептеу түрінде жасалады (автоматтандырылған ақпараттық жүйеде деректеме түрінде).

### **§ 4. Ішкі құжаттармен жұмыстың тәртібі**

68. Ішкі құжаттардың әзірлеу мен ресімделу сатыларынан өтуі шығыс құжаттарға, ал орындалу сатыларында кіріс құжаттарға сәйкес жүзеге асады.

69. Құрылымдық бөлімшелер арасында ішкі құжат алысу, құрылымдық бөлімшелердің құжаттау мен құжаттамалық басқаруға жауапты тұлғалар арқылы жүзеге асады. Құжаттарды тіркеу-есептеу түрінің белгілері қойылып беріледі.

70. Орындалған ішкі құжаттардың түпнұсқасы ұйым істер номенклатурасына

сәйкес қалыптастыратын құрылымдық бөлімшеге жолданады.

71. Басшымен қол қойылған немесе өкімдік құжатпен тіркелген құжаттардың көбейтілген даналары, құжатта қарастырылып отырған мәселе қарамағына кіретін құрылымдық бөлімшелерге міндетті түрде жолданады.

## **§ 5. Құжаттарды тіркеу тәртібі**

72. Есепке алуды және орындауды қажет ететін, ақпараттық-анықтамалық мақсаттарда пайдаланылатын барлық құжаттар тіркеуге алынуы тиіс.

73. Құжаттарды тіркеу әдетте БҚҚ қызметімен орталықтандырылып жүргізіледі.

Құжат айналым көлемі көп ұйымдарда орталықтандырылмаған құжаттарды тіркеу рұқсат етіледі. Бұл жағдайда ұйым басшысының қарауына келіп түскен құжаттар ұйымның өкімдік құжаттары, азаматтардың өтініштері және басшы қол қойған хат алмасулар БҚҚ қызметінде тіркеледі.

Құрылымдық бөлімшелердің аттарына келіп түскен құжаттар, басшының қол қойылған хат алмасулар тиісті құрылымдық бөлімшелерде тіркеледі.

Байланыс каналдары арқылы құжаттарды беру немесе қабылдап алу БҚҚ қызметінде немесе қабылдап алуды (беруді) жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеде тіркеледі.

74. Құжат ұйымдар бір рет тіркеледі: кіріс - келіп түскен күні, шығыс және ішкі – қол қойылған (бекітілген) күні. Құжат бір құрылымдық бөлімшеден екінші құрылымдық бөлімшеге жолданған кезде, құжатқа жаңа тіркеу нөмірі қойылады.

Қызметтік хат алмасулар мен азаматтық өтініштер бөлек тіркеледі.

75. Ұйымда мынадай тіркеу-бақылау түрлері (бұдан әрі - ТБТ) қолданылады:

- 1) карточкалы (16-қосымша);
- 2) журналдық (17-қосымша);
- 3) автоматтандырылған ақпараттық жүйеде – электрондық тіркеу бақылау карточкасы (бұдан әрі – ЭТБК).

76. Міндетті түрде тіркелуі қажет құжат туралы келесі мәліметтерден тұрады:

- 1) ұйым авторы (автор немесе корреспондент);
  - 2) құжат түрінің атауы;
  - 3) келіп түскен құжаттың уақыты мен тіркеу нөмірі;
  - 4) мәтінің тақырыбы (құжаттың қысқаша мазмұны);
  - 5) бұрыштама (орындаушы, тапсырманың мазмұны, авторы, уақыты);
  - 6) құжаттың орындалу уақыты;
  - 7) құжаттың алынғаны туралы орындаушының қолы;
  - 8) құжаттың орындалу және оның іске жіберілгендігі туралы белгі.
- Құжаттың сипаты мен ақпаратты қолданудың міндеттеріне қарай міндетті

мәліметтер құрамы басқа да мәліметтермен толықтырыла алады (қосымшаның бар болуы, парақтар саны, мекеме ішіндегі құжаттың қозғалуы, орындалу мерзімі мен б а с қ а л а р ы ) .

77. Жауап-құжаттарды бастапқы құжаттардың ТБТ тіркеу жолымен жүзеге асырылады. Жауап-құжатқа тиісті тіркеу нөмірлер шегінде реттік нөмір беріледі.

78. Ақпараттық-іздеу жүйесінде тіркелген кезде алынған құжат туралы ақпаратқа картотека мен топтастырылған анықтамалар енеді.

79. Карточкалық тіркеу кезінде БТК картотеканы құрай алатын саны: корреспонденттер, құжат түрлері, құжат авторы бойынша, бақылаушылық, кодификациялық, азаматтардың өтініштері бойынша ақпараттық іздеудің мәселелеріне қатысты басылып шығарылады.

80. Ақпараттық-іздеу жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне топтастырылған анықтамалар әзірлеу жолымен қол жеткізуге болады: (ұйым қызметі мәселелерінің топтасу, құжаттардың түрлеріне қарай топтастыру, корреспонденттердің топтастырылу, істер номенклатурасы және басқалары).

81. Автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесінің деректер базасының жазбалар жиегі құжатты жедел іздестіру мен орындалуын бақылау толық жауап беруі қажет.

## **§ 6. Құжаттың орындалуын бақылау**

82. Құжаттардың орындалуын бақылауға алуға, құжаттарды бақылауға алу, орындалу барысын қадағалау, орындалған құжатты бақылаудан алу, орындалған құжаттарды іске жіберу, есепке алу, жалпылау мен құжат барысын сараптау және құжаттардың орындалу нәтижелері, басшылықты құжаттардың орындалуы жайлы ақпараттандыру жатады (18 және 19-қосымша).

83. Орындалуды және тіркеуді талап ететін барлық құжаттар бақылауға а л ы н а д ы .

84. Құжаттардың орындалуын бақылау мәселе мәніне қарай құрылымдық бөлімшелердің басшыларына немесе лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

Құжаттарды орындаудың мерзімдеріне бақылау жасауды БҚҚ қызметі жүзеге а с ы р а д ы .

85. Құжаттардың орындалуына бақылауды ұйымдастырған кезде ТБК (ЭТБК) пайдаланылады. Бақылаушылық картотека құжаттың орындалу мерзіміне, орындаушыларға, құжаттардың топтарына қарай жүйеленеді.

Бақылауға алынатын құжаттар саны аз болған жағдайда, бақылауға алу тіркеу журналында тиісті белгілер қою арқылы жүзеге асады.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйедегі ЭТБК тиісті деректемелерін толтыру құжатты автоматты түрде бақылауға қояды.

86. Құжатты бақылаудан тапсырма берген басшы немесе оның тапсырмасы бойынша - БҚК қызметі алады.

## **§ 7. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс**

87. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша іс жүргізу "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 ақпандағы N 221 Заңына сәйкес жалпыдан б ө л е к жү р г і з і л е д і .

88. Азаматтардың өтініштері (ұсыныстар, арыздар, шағымдар, лебіздер және сұрау салулар) бір орталықтан есепке алынады және ТБТ ұйымға келіп түскен кү н і н д е т і р к е л е д і .

Лауазымды тұлғалар жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдаған кезде алған жазбаша және ауызша өтініштер де орталықтандырылған тіркеуге алынуы т и і с .

89. Жеке тұлғалардың өтініштерің тіркеу нөмірлері "ЖТ" әріптік индексінен, автор тегінің бас әрпінен және ТБТ бойынша реттік нөмірінен тұрады.

Заңды тұлғалардың өтініштерің тіркеу нөмірлері "ЗТ" әріптік индексінен, өтінішке қол қойған лауазымды тұлғаның тегінің бас әрпінен, және ТБТ реттік н ө м і р і н е н тұ р а д ы .

Өтініштің авторын белгілеу мүмкін емес өтініштердің тіркеу нөмірі "АБМ" әріптік индексінен және ТБТ реттік нөмірінен тұрады.

90. Өтініш қайталанып түскен кезде оған кезекті тіркеу нөмірі беріледі, ал ТБТ құжаттың алғашқы нөмірі көрсетіледі. Қайталанған өтініштің бірінші парағына жоғарғы оң жақ бұрышынан және ТБТ "Қайталанған" белгісі қойылады . Егер тұлға, бір мәселе бойынша екі реттен кем емес өтініш жолдаған болса, алғашқы жолдаған өтінішіне алған жауабымен келіспейтін болса, егер өтініш келіп түскен уақытынан қарау мерзімі өтіп кеткен болса, өтініш беруші жауап алмаған болса, өтінішті қарау және мәселелерді шешуде кемшіліктер кеткен болса, онда өтініші қайталанған деп есептеледі.

91. Сол бір тұлғаның сол бір мәселе бойынша әртүрлі мекен-жайға бағыттаған, сөйтіп қарау үшін бір ұйымға келіп түскен өтініштері қиғаш сызық ( бөлгіш) арқылы реттік нөмір қосылып бірінші өтінішінің тіркеу нөмірімен есепке а л ы н а д ы .

92. Өтініштің авторын белгілеу мүмкін емес, қолтаңбасы, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы, арыз берушінің пошталық мекен-жайы жоқ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері иесі бүрмеленген өтініш болып есептеледі және қарастыруға жатпайды. Мазмұнында дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстарға және мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке қатысты

